



2 ақпан, бейсенбі 2023 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

www.facebook.com/syrboyi.kz/

www.instagram.com/syrboyi_kz

https://twitter.com/syrboyi

t.me/syrboyi_kz

ПРЕЗИДЕНТ



Ұлттық банктің есебі

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев
Ұлттық банк төрағасы Ғалымжан
Пірмаговты қабылдады.

Мемлекет басшысына Ұлттық банктің биыл кантарда жүзеге асырған ақша-кредит саясатының қорытындысы туралы есеп берілді.

Ғалымжан Пірматов Қазақстан экономикасының қазіргі ахуалы, іскерлік белсенділік, инфляция факторлары мен оны төмендету үшін қабылданып жатқан шаралар жөнінде мәлімет берді. Сондай-ақ БЖЗҚ, Ұлттық қор және алтын-валюта резервтерінің жай-күйі туралы баяндалды.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев ақша-кредит саясатын тиімді іске асырудың және валюта нарығын одан әрі жетілдірудің маңыздылығын атап өтті.

Әуе компаниясының президентін қабылдады

Мемлекет басшысы SCAT әуе компаниясының президенті
Владимир Денисовті қабылдады.

Президентке әуе компаниясының былтыр атқарған жұмыстарының негізгі нәтижелері, сондай-ақ алдағы кезеңге арналған даму жоспары туралы баяндалды.

Мемлекет басшысына 2030 жылға дейін компанияның әуе кемелері парк мен бағыт желілерін кеңейту жөнінде мәлімет берілді.

Бұдан бөлек, Президентке Шымкент әуежайындағы аэровокзал кешені құрылысының барысы және авиациялық хабты дамыту шаралары туралы баяндалды.

Қасым-Жомарт Тоқаев SCAT әуе компаниясының қызметіне оң баға беріп, оның даму стратегиясын қолдады.

Мемлекет басшысы Шымкенттегі авиациялық хабтың құрылысын аяқтаудың, авиациялық тасымалдау саласының өнірдегі бәсекетке қабілеттілігін қамтамасыз етудің және көрсетілетін қызметтердің сапасын арттырудың маңыздылығына назар аударды.

КЕҢЕЙТІЛГЕН КЕҢЕС

ОТБАСЫ – ТӘРБИЕ БЕСІГІ



Кеше Н.Бекежанов атындағы облыстық қазақ академиялық музыкалық драма театрында «Отбасы – тәрбие бесігі» атты кеңейтілген кеңес отырысы өтті.

С. Ғазиза ӘБІЛДА,
«Сыр бойы»

Жиынның модераторы, «Аманат» партиясы облыстық филиалының төрағасы Н.Байқадамов аймақтың білім саласы қызметкерлері мен ата-аналардың қатысуымен өткізілген отырыған «Отбасы – тәрбие бесігі» атты кеңейтілген кеңес облыс әкімінің бастама-сымен ұйымдастырылғанын атап өтті. Сондай-ақ, кеңес отырысында талқыға салына-тын тақырыптар жайынан ха-барлар етті.

Бүгінгі қоғам алдындағы басты мақсат – өмірдің бар-лық саласында еңбеккер бел-сенді, шығармашылық іс-әрекеттерге қабілетті, еркін ұрпақ тәрбиелеу. Ол үшін еліміздің болашағы – ұрпақ тәрбиесімен айналысатын отбасы, мектеп, қоғам және жұртшылықтың тәрбиесі кі-ріктіріліп жүзеге асырылуы тиіс, – деді Наурызбай Сейт-қалиұлы.

Жиында саяси ғылымдар докторы, профессор, мем-лекет және қоғам қайраткері Мұрат Бақтырұлы келелі пікірін айтып, кейінгі 20-30 жылдың көлемінде ұрпақ

тәрбиесіне қатысты орын алған олқылықтарды са-ралап өтті. Әрине, нақты деректермен, дәйектермен айқындалған көрсеткіштер көңілді құлазытады.

– Аға ұрпақ біледі, кешегі ғасырдың 90-жылдары «Біз мемлекет боламыз ба?», «Қайда барамыз, қандай мем-лекет боламыз?» деген сау-алдар алдымызда тұрды. Сол кезде балабақшалар талан-таражға түсті, ал мектептердің білім мен тәрбие беру жұмыстарына қаржы жетпей, мұғалімдер бірнеше айлар бойы еңбекақы алмаған кездер болды. Сол кездерде дүниеге келген ұрпақтардың ұрпағы бүгінде балабақша, мектеп, университет қабырғасында тәрбиеленіп жатыр. Ол үшін оларды кінәлауға болмай-ды, оған біз, яғни, аға ұрпақ кінәліміз. Сол кезеңдерден бастап қатыгез, мейірім мен адами құндылықтардан ада, ата-анаға, үлкенге деген құр-меті азайған, қала мен ауыл, бай мен кедей, әсіредіншіл, дүбәра ұрпақтың қалыптасуы басталды. Бір-бірінен алшақ

әлеуметтік топтардың бо-луы, олардың бір-біріне ашық қарсы шығуы, қатыгездік пен озбырлыққа баруының түп тамыры білімде жатыр, – деді Мұрат Бақтырұлы.

Оның айтуынша, Назар-баев зияткерлік мектептері мен қарапайым мектептер арасындағы жер мен көктей алшақтықтың жалпы білім сапасына айтарлықтай әсері бар, әсіресе, еліміздегі мектеп оқушыларының 44 пайызын құрайтын ауыл мектебінің оқушысына аталған зияткерлік мектеп оқушысының дең-гейіне жету үшін кемінде алты жыл уақыт қажет екен. Осы орайда қолға алынып жатқан «Жайлы мектеп» жо-басы бойынша қала мен ауыл мектептерінің білім беру дең-гейін сәйкестендірудің ма-ңызды өте зор.

Облыстық полиция де-партаменті басшысының мін-детін атқарушы Ш.Әмітов-тің көмелетке толмағандар арасында қылмыс пен құқық бұзушылықтың алдын алу ша-ралары туралы хабарламасын-да бала тәрбиесінде бірлесіп атқарған профилактикалық жұмыстардың нәтижесінде 6415 құқықбұзушылық анық-талса, қаңғыбастық пен кез-белікке салынған 305 жасө-пірім бейімдеу орталығына орналастырылған.

2-бет

ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫ

Кәсіпкерлік һәм халықтық мүдде

Сейсенбіде ҚР Премьер-министрі Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен Үкімет отырысында кәсіпкерлік қызметті «таза парақтан» реттеуді іске асыру барысы мен 2022 жылдың II жартыжылдығы бойынша орталық және жергілікті атқарушы органдар басшыларының халықпен кездесу қорытындылары қаралды.

2-бет

Көлікті 2 айда жеткізуі тиіс

Жеңілдетілген несие арқылы автокөлік алу – қазір көптің ойындағы мәселе. Осыған қатысты тағы бір жаңалық шықты. Енді бұл бағдарламаға «СарыарқаАвтоПром» және «Hyundai Trans Kazakhstan» ЖШС қатысады. Жеңілдетілген несие алатын адамның өтінімі мақұлданса, бұл компаниялар 60 күн ішінде автокөлікті жеткізуі тиіс.

Мұнда өтінім беретін адамдар алдымен автомобиль құрастыру кәсіпорнын тандауы қажет әрі өтінім тапсырылғаннан кейін таңдау жасалған кәсіпорынды өзгертуге болмайды.

Қазақстанның автомобиль бизнесі қауымдастығының мемлекеттік реттеу жөніндегі директоры Қайрат Еламановтың айтуынша, бағдарлама ережесі бойынша көлік шығаратын кәсіпорындар автомобильді 60 күннің ішінде жеткізуі керек. Көлік алатын адам автосалонға келіп, өзіне керек моделді, комплектациясын, түсін таңдайды. Егер бұл автокөлік дәл сол қалада болса, құжаттарды банк мақұлдағаннан кейін, автомобильді бірден алып кетуіне болады.

Сондай-ақ, екі ай ішінде жеткізілетін көлікті брондау мүмкіндігі бар.

– Кейбір комплектациялар бойынша көліктерді жеткізу мерзімі екі айдан асып кетуі ықтимал. Осы орайда клиент балама нұсқасын таңдай алады, – деді қауымдастық өкілі.

Былтыр осы бағдарламаны жүзеге асыру барысында өткізілген автокөліктердің орташа құны 7,8 млн теңге шамасында болған. Демек, аса қымбат көліктер алуға қызығушылық аз.

Айта кетейік, биыл 6 ақпанда «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ («Қазақстанның Даму Банкі» АҚ еншілес ұйымы) көлік алуға жеңілдікпен пайызы төмен несие беру бағдарламасы бойынша өтінімдерді қабылдау үшін жана платформаны іске қосады.


«СБ» ақпарат

МЕЗГІЛ МІНЕЗІ

ҚАҢТАРДЫҢ МҰЗЫ ақпанда қалай жылыстауы мүмкін?

Биылғы қыс өткен жылмен салыстырғанда суығырақ. Қаңтарда еліміздің солтүстігі ғана емес, оңтүстігінде боран көбейіп, аяз күшіне мінді. Ауа райының жайсыз болуы жолдағыларға, алыс сапарға аттанған жолаушыларға ғана емес, ел өмірінің көптеген салаларына қиындық тудырды.

С. Биболат СӨТЖАН,
«Сыр бойы»



Айталық, оңтүстік өңір-лерде шаруалар шығынға ұшырап, өсірілген көкөніс қатып қалған. Егінді мерзімінен бұрын жинап, жа-рамсыздарын қоқысқа тастауға мәжбүр болған жылыжайлардағы аяздан келген шығынның жалпы көлемі әлі есептелмеген. Дегенмен, бұл нарықтағы көкөніс бағасына әсер

етері сөзсіз. Қолайсыз ауа райының салдарынан Ал-матыда 200-ден астам адам ауруханаға түскен. Оның ішінде 11 наукасты үсік шалған. Еліміздің оңтүстік астанасында бір тәулікте 160-қа жуық жол-көлік апаты тіркеліп, 30-ға жуық жолаушы түрлі жарақаттар алған деректер де тіркелді.

2-бет

«ҚАЗАҚ» ГАЗЕТІ – 110

РУХ ШЫРАҚШЫСЫ

Айыппұл немесе абақты

«...Шығарушы Ахмет Байтұрсынов жаңа шыққан газетке мың жарым сом төлеу ауыр болатындығын ойлап, 3 ай отыруға риза болғаннан кейін, 20 октябрьде кешкі сағат 10-да полиция абақтыға отырғызған еді».



Алдымен 1913 жылдың 5 қаңтары күні Орал об-лысы әскери губернаторы ПМ Баспасөз ісі жөніндегі бас басқарманың «Қазақ» апталық газетін шығаруға рұқсат берген бұйрығы, губернатор, генерал-лейте-нант Сухомлиновтың қолымен қаулы шыққан. Онда «Бас басқарманың 1905 жылдың 9 желтоқсанындағы №14508 өкімхатына сәйкес Торғай облысы Қызыл-шенгіл болысы 8-ауыл қазағы Мұстафа Ахметұлы Оразавтың, Торғай уезі Түсіп болысы 5-ауыл қазағы Ахмет Байтұрсыновтың толық жауапкершілігімен және редакторлығымен Орынборда апталық «Қазақ» газетін қырғыз (қазақ) тілінде шығаруға рұқсат берілгенін ха-бардар етемін» делінген.

Осы қаулыға сәйкес, патшалық үкімет «Қазақ» газетіне үкіметтің бұйрық-жарлықтарын, Мемлекеттік Дума мен мемлекеттік кеңес жұмысын, ішкі және сыртқы хабарларды, казактың тарихы мен тұрмыс жайын, этика, тарих, этнография және мәдениет мәселелерін жазып тұруға рұқсат берді. Оған қоса,

4-бет

С. Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА,
«Сыр бойы»



Кәсіпкерлік һәм халықтық мүдде

Үкімет басшысы бизнеске әкімшілік жүктемені барынша азайту мақсатында қолданыстағы реттеуші актілердің бәріне ауқымды талдау жүргізілгенін атап өтіп, нәтижесінде 44 сала бойынша жана реттеуші саясаттың шарттарына сәйкес келмейтін 10 мыннан астам талап анықталғанын атап өтті.

Осыған байланысты Премьер-министр бизнеске қойылатын артық талаптарды жою бойынша заннамалық өзгерістердің уақытылы қабылдануын қамтамасыз ету, заңға тәуелді актілерге тиісті түзетулер енгізуді жылдамдату және І жартыжылдықтың соңына дейін мемлекеттік бақылау жүйесін автоматтандыру жұмысын аяқтау қажеттігін айтты.

Селекторлық мәжілістен кейін Үкімет басшысының тапсырмаларын орындау бағытында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев жиын өткізіп, қолайлы бизнес климатты қалыптастыруда қабылданатын шешімдер мен рәсімдердің тиімділігін арттыруды қажет ететінін қаперге салды.

— *Өткен жылы кәсіпкерлік саласындағы өзекті, проблемалық мәселелерді талқылау, шешімін қарастыру үшін арнайы жұмысыы топ құрылды. Облыс әкімінің бірінші орынбасары Серік Қожаниязовқа өңірдегі кәсіпкерлік саласындағы өзекті мәселелерді құзырлы мемлекеттік органдармен және «Атамекен» кәсіпкерлер палатасымен осы жұмысшы топта бірлесе қарап, шешу бойынша шаралар қабылдауды тапсырамын. Өйткені, жергілікті жердегі кәсіпкерлердің ахуалы, олардың қызметін жүргізуге кедергі келтіретін жағдайлар сіздерге айқын көрінеді. Ал облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы қала және аудан әкімдіктерімен бірлесіп, өзекті деген мәселелерді дер кезінде облыс, республика деңгейінде көтеріп, бизнес үшін қолайлы шешімін қарастыруға жұмыс жасауы қажет, — деді аймақ басшысы.*

Үкімет отырысының күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша өткен жылдың ІІ жартыжылдығында халықпен кездесулердің қорытындысымен өңір тұрғындары тарапынан 1871 ұсыныс-тілек айтылғаны аталып өтілді. Нәтижесінде 1559 мәселе шешімін тапты, 312-сі бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Бұған дейін аймақ басшысы Президент Жарлығы аясында аймақтың барлық ауданы мен Қызылорда қаласында құқық қорғау органдары басшыларымен бірге халықпен кездесіп, кезектілік тәртібімен аудан, қала тұрғындарын жеке қабылдады. Былтырғы жыл көлемінде облыс әкімі мен құқық қорғау органы басшылары жалпы алғанда 1000-ға жуық азаматтың өтінішін тыңдап, ұсынысына құлақ асты.

2022 жылы облыс бойынша барлық деңгейдегі әкімдердің халықпен 901 кездесуі өткізілді. Оның ішінде, облыс әкімі — 16 кездесу, Қызылорда қаласының әкімі — 36, аудан әкімдері — 411, кент, ауылдық округ әкімдері халықпен 438 кездесу өткізді. Кездесулерге 61418 адам (офлайн — 57 919, онлайн — 3499) қатысты.

Тұрғындар тарапынан көтерілген мәселелерді шешуге өткен жылы облыстық бюджеттен 43,9 млрд тенге қаржы бөлінді.

Биылғы жылы осы мақсатта облыс бюджетінен 24,1 млрд тенге қарастырылуда.

Мұнан бөлек, орталық атқарушы органдар тарапынан шешуді қажет ететін мәселелер тізбегі жасалып, тиісті құжаттамалары әзірленді.

Нәтижесімен, бүгінде орталық атқарушы органдарға жалпы құны 120,4 млрд тенгені құрайтын 230 жоба ұсынылып, биылғы жылы қаржыландыруға 78,2 млрд тенге бюджеттік өтінім берілді.

Барлық кездесулер Мемлекет басшысының Жарлығында көрсетілген талаптарды сактай отырып, күнтізбелік кестеге сәйкес өткізілуі қажет екенін ескерткен аймақ басшысы қала және аудан әкімдеріне тұрғындармен кездесулердің нәтижесімен іс-қимыл жоспарын әзірлеп, халықты жиі толғандыратын сұрақтардың мерзімінде әрі сапалы орындалуына басымдық беруді тапсырды.

1-бет	Облыс әкімінің баспасөз қызметі
-------	---------------------------------

Осы деректер бойынша 5 мыннан астам жасөспірімнің ата-анасы әкімшілік жауапкершілікке тартылған. Осындай бірнеше деректерге шолу жасаған полиция департаментінің өкілі бұл жұмыстардың лайықты жалғасын табатынын атап өтті.

Кенейтілген кеңесте облыстық білім басқармасының басшысы Мейрамбек Шермағанбет хабарлама жасап, жас ұрпақ тәрбиесіне қатысты салада атқарылып жатқан жұмыстарды назарға ұсынды.

— Негізінен, бүгінгі күнге дейін берілген білімнің құрылымы мен мазмұнына ерекше еклім түсіріліп келді. Ендігі жерде, мектептегі тәрбие жұмысын жаңарту, оны заман талабына лайықтау — жауапкершілігі зор басты бағытымыз. Қазір әлемдік

ОТБАСЫ – ТӘРБИЕ БЕСІГІ

педагогиканың өзінде тәрбиені білімнің алдына қойып отыр. Себебі, тәрбиесіз берілген жалаң білім құндылықтарға қаныққан Абайдың «Толық адам» бейнесін қалыптастыра алмайды. Біздің оқу-ағарту саласын дамытуға, білім сапасын көтеруге бағытталған бар жұмысымыз — білімі мен тәрбиесі қатар үйлескен оқушының қалыптасуы үшін қолайлы білім беру ортасын құру, — деді басқарма басшысы.

Бала тәрбиесімен қатар олардың білім алуында қауіпсіз ортада өмір сүруі — ерекше жауаптылықты қажет етеді. Осы орайда, аймақтағы барлық білім беру ұйымдарының қауіпсіздігі жолға қойылып, бейнебақылау жүйесімен қамтылған. Сондай-ақ, барлық білім беру ұйымдарында полиция бөлімшелеріне қосылатын дабыл түймесін іске қосу жұмыстары осы жылы шешімін табатын болады.

— Бүгінгі күні мектеп қабырғасында білім берумен қатар, ұлттық тәрбиеге ден қойып, осы бағыттағы жұмысты күшейтуді қажет етеді. Олай дейтініміз, қазіргі таңда көмелетке толмағандар арасындағы қылмыс пен құқық бұзу, топтық төбелес, қыз балалар арасындағы әлімзеттік, буллинг, кибербуллингтің белен алуы тәрбие жұмыстарының әлсіз тұстарын көрсетті.

Өткен жылмен салыстырғанда көмелетке толмағандарға қатысты қылмыс пен құқық бұзудың саны 36,7 пайызға, топтасып жасалған қылмыстар 30,8 пайызға төмендеген. Дегенмен балалардың тәртібін қадағалауда босансуға болмайтынын ескеру керек. Айта кететін бір жайт, көмелетке толмағандар жасаған қылмыстардың барлығы да сабақтан тыс уақытта орын алған. Демек, бұл жерде ата-аналардың бақылауы мен қадағалауының жеткіліксіздігі байқалады, — деді Мейрамбек Зинабидиұлы.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, жас ұрпақтың саналы адам болып қалыптасуында оған білім мен тәрбие беруден бөлек, дені сау, саламатты тұлға болуын қадағалау және әлеуметтік хал-ахуалының дұрыс болуын қамтамасыз ету мәселесі бар. Осыған байланысты облыстық денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары М.Мырзанова және Балалар құқығы мәселелері бойынша өңірлік уәкіл Ж.Ұзақбаева хабарлама жасады.

1-бет	
-------	--

Облыстық денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары М.Мырзанованың айтуынша, 2022 жылы ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің «Ұлттық денсаулық сақтау орталығы» «Дені сау ұлт» ұлттық жобасын іске асыру шеңберінде мінез-құлықты бақылау бойынша оқушылардың денсаулығы мен әл-ауқатына қатысты зерттеу жүргізген. Зерттеу нәтижесінде, жасөспірімдердің 17 пайызға жуығында психикалық денсаулығының нашарлығы немесе депрессияның мүмкін белгілері анықталған.

— Денсаулық 3 фактордан тұрады: физикалық, психикалық және әлеуметтік әл-ауқат, ал суицид - осы үш фактордың ауытқуының нәтижесі.

Суицидтің алдын алу бағдарламасы негізгі 3 компоненттен тұрады: яғни, жасөспірімдер мен балаларды психикалық денсаулық туралы хабарлар ету, мұғалімдерді, дәрігерлер мен психологтарды оқыту және сауалнама арқылы тәуекел топтарын анықтау.

Облыс бойынша 2022 жылы көмелетке толмағандар арасында өз-өзіне қол жұмсау оқиғасы 2021 жылмен салыстырғанда 27 пайызға төмендесе, есесіне суицидке ұмтылыс жағдайларды 2,5 есеге жоғарылап отыр.

Сонымен қатар, ол 2022 жылы оқушылар арасында ерте жүктілікпен 138 жасөспірім тіркелгенін айта келіп, одан туындайтын көптеген мәселелерді талдап, түсіндірді. Бұдан әрі баланың дұрыс тамактанбауы, яғни, фастфуд, газды және энергетикалық сусындардың жасөспірімнің денсаулығына зияны туралы, сонымен қатар, өміріміздің бір бөлігіне айналып кеткен гаджеттерді шамадан тыс қолдану баланың психикасын өзгертіп, ой-санасының дамуын бәсеңдететіні айтылды.

С.Толыбеков атындағы №3 ІТ мектеп-лицейі ата-аналар комитетінің төрайымы А.Косанова білім шағындағы «Ата-аналар комитеті», «Әжелер мектебі», «Әкелер кеңесі» және «Аналар академиясы» жұмысы жайлы айтып, осы бастамалардың оң нәтиже беріп отырғанын атап өтті. Осындай бірлескен тәрбиелік бағыттағы жұмыстардың айқын нәтижесі болар, мектепте ювеналды полиция есебінде тіркелген оқушы жоқ. Сонымен қатар қолайсыз отбасылар да тіркелмеген.

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің профессоры, филология ғылымының кандидаты А.Айтбаева отбасы тәрбиесінің стратегиясы және ұлттық құндылықтар туралы мәнді де мазмұнды баяндама жасап, бала тәрбиесіндегі ұлттық ұстанымдардың, яғни, салт-сана, әдет-ғұрып, дәстүр құндылығының орны айрықша екенін атап көрсетті. Ұлағатты ұстаз отбасы институтының іргетасын нығайтып, өке тағылмы, ана мейірімі арқылы саналы ұрпақ тәрбиелеу ісі болашақ үшін аса жауапты міндет деп түйінделі сөзін.

Кенейтілген кеңес отырысын облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев қорытындылады.

— Бүгінгі басқосудың мәні мен маңызы ерекше. Қай кезде де ұрпақ

тәрбиесін ұлы құндылыққа балайтын, еңбек пен білімді ұштастыра білген әр ата-ана үшін бала болашағы бәрінен қымбат. Мен сіздермен бұл кездесуге аймақ басшысы ретінде ғана емес, ата-ана, әке ретінде ашық пікірлесіп, ой бөлісу үшін келдім.

Балаға тәлімді тәрбие мен лайықты білім беруде баршамыздың ұстанымымыз бір, мүддеміз ортақ. Ол — туған елін шексіз сүйетін, өз ісіне адал, еңбексор, ізгі ұрпақ тәрбиелеу.

Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев «Ескеңтең ұрпақтың үйлесімді дамуы мен бақытты балалық шағы — біздің жалпыұлттық міндетіміз» деп балаларға терең әрі тағылымды тәрбие беру қажет екенін атап өтті.

Сәт сайын өзгеріп, көз ілеспес жылдамдықпен дамуға бет алған бүгінгідей дәуірде рухани құндылықтар мен ұлттық тәрбиенің өзегінен ажырап қалмауға тиіспіз. Қазақ халқының ұлы ақыны, дана Абайдың «Адамның адамишылығы — ақыл, ғылым, жақсы ата-ана, жақсы құрбы, ұлағатты ұстаздан болды» деген өсиеті әлі күнге дейін өз мәнін жоғалтқан емес. Қайта уақыт озған сайын салмағы еселене түсті. Ата-ананың ең үлкен бақыты — баласының жақсы азамат болып өсуі десек, мемлекет пен қоғамның да басты мақсаты — елге ие болатын білімді әрі отаншыл ұрпақ тәрбиелеу.

Мемлекет басшысы өткен жылды «Балалар жылына» арнап, айрықша маңыз берді. Мерейлі жылы жеткіншектерімізге бұрынғыдан да көбірек көңіл бөлуге, асқақ армандарына басқан қадамдарын демеуге құш салдық.

Бүлдірішіндерге тарту ретінде аймақта демеушілердің қолдауымен құны 1,6 млрд тенгеге 80 балалар спорт-ойын алаңын пайдалануға бердік. Тек каланың ортасында ғана емес, шеткері аймақтарда да ойын алаңдары салынды. 2022 жылы 19 балабақша ашылды. Өткен жылы 6 мектеп тапсырып, 2 апатты білім беру ұйымының мәселесін шештік. Былтыр Жалағаш ауданында 250 орындық заманауи «Оқушылар үйін» ел игілігіне табыстадық.

Үкімет басшысының Сыр еліне сапары барысында 300 орындық жатақханасы бар 400 орындық «Физика-математика» бағытындағы мектеп-интернат салу жобасы қолдау тапты. Ал биыл «КазГерМұнай» компаниясы Қызылордада заманауи 350 орындық «Оқушылар сарайының» құрылысын бастайды.

Алдағы 3 жылда 64 балабақша ашу жоспарымызда бар. Осылайша 11 мыңға жуық бүлдірішнді қамтитымыз. Бұған қоса, биыл 940 орындық 4 жана мектепті пайдалануға береміз. «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында өңірде 15100 орынға арналған 21 мектеп салынады. Жалпы құны 98 млрд тенгені құрайды. Бұл — білім саласындағы бұрын-соңды болмаған үлкен жоба.

Жеке мектептердің де үлесі артуда. Білім саласына инвестиция салған кәсіпкерлеріміз аз емес. Қазірдің өзінде өңірде 21 жеке мектеп жұмыс істесе, алдағы 3 жылда инвесторлар 12 мектеп салуға ниет білдірді. Біз білім саласына жанашыр меценат көсіктерлерді әрдайым қолдауға әзірміз, — деді облыс әкімі.

Аймақ басшысы кенейтілген отырыста талқыланған мәселелер бойынша барлық сала жетекшілеріне тапсырмалар беріп, бала тәрбиесіне бағытталған жұмыстарды барынша сапалы әрі жауапкершілікпен атқаруға шақырды. Жиын қорытындысымен отбасы құндылығын нығайтып, жас ұрпақ тәрбиесін жана деңгейге көтеруге бағытталған Үндеу қабылданды.

ҚАҢТАРДЫҢ МҰЗЫ ақпанда қалай жылыстауы мүмкін?

Оған қоса, республика бойынша электр энергиясымен, газ және жылумен қамтамасыз етуге байланысты проблемалар жұртшылықтың наразылығына себеп болды. Энергетика жүйесі мұндай сынақтарға дайын еместігін көрсетті.

Мұндай суық қыс елімізде ғана емес, жалпы Орталық Азияда кейінгі он бес жылда болмағаны туралы айтылуда. Күн суыған кезде Орталық Азиядағы барлық ірі қалаларда энергия тапшылығы, қатты отынның жеткіліксіздігі мен сапасының нашарлығы байқалды. Ташкентте көпқабатты тұрғын үй тұрғындары күні бойы жарықсыз, жылусыз, сусыз отырды, Тәжікстан астанасы Душанбе тұрғындары да қатты зардап шекті. Өзбекстан қалаларында минус отыз градус суық тіркелді. Табиғи газ қоры бойынша әлемде төртінші орында тұрған Түркіменстанда да күн суыған соң отын тасымалдау қиындап, жарық жиі сөне бастаған.

Қыстың қабағы алдағы көктемде су тасқыны қаупінің жоғары болатынын аңғартып тұрғандай. Себебі биыл «Шардара» су қоймасы мерзімінен бұрын толып, көктемде елді мекендерді су басуы ықтимал. Қоймаларға жылдағыдан мол су келіп жатыр. Сала мамандарының мәліметінше, бүгінде «Шардара» су қоймасынан төменгі ағысқа секундына 800 текше метр су жіберіліп жатыр екен. Соның негізінде «Көксарай» су реттегішіне секундына 200 текше метр су келеді. Ал Сырдария өзенінің төменгі ағысына секундына 600 текше метр су жіберіліп жатса керек.

Дегенмен «Арал-Сырдария» инспекциясы жағдайдың толық бақылауда екенін айтады. Инспекцияның мәліметінше, Сыр суы «Арнасай» ойпатына жіберілген. Ал «ҚазСуШар» РМК Қызылорда облыстық филиалы тарапынан бұл мәселе күн тәртібінде тұр.

Бүгінде облыс аумағындағы стратегиялық маңызы бар су тораптарын пайдалануда қауіпсіздікті қамтамасыз ету шаралары транзиттік режимде жүргізілуде. Сырдария өзеніндегі мұз ұстау жағдайына байланысты «Қызылорда» су торабына дейінгі су деңгейін төмендету үшін Жанакорған, Шиели аудандары аумағындағы каналдарға секундына 131,5 текше метр су алынада. Қазір Сырдария өзенінің солтүстік аумағында толық мұз қатуды байқалады, — дейді «ҚазСуШар» РМК облыстық филиалы директорының орынбасары Жорабек Ернazarов.

Су тасқынының алдын алу үшін Арал теңізіне жіберілген су, құрғаған теңіз ұлтанып қайта қалпына келтіруге де мүмкіндік бермек. Облыс аумағына қазір секундына 630 текше метр су келіп жатыр. Нәтижесінде кейінгі бес жылда су бармаған ескі арналар толып, Кіші Арал теңізінің қоры біраз молайып қалды. Жыл басынан бері теңіздің солтүстік бөлігіне 100 млн текше метрден астам су жіберілді. Қазір Аралға құяр сағадаяғ «Ақлак» тоспасы арқылы секундына 180 текше метр шама-сында су өтіп жатыр.

Одан бөлек, өңірдегі 200-ге жуық ірілі-ұсақты көлдің 70%-на су барып үлгерді. Сондай-ақ шабындық пен жайылымдықтар суландырылды. «Арал-Сырдария» бассейндік инспекциясының басшысы Сейілбек Нұрымбетовтың айтуынша, мұздың жағдайына байланысты төменге жіберілетін судың көлемі біртіндеп жоғарылап келе жатыр. Сондықтан Солтүстік Арал теңізіне берілетін судың көлемі де біртіндеп артады.

Айта кетсек, Мемлекет басшысының тапсырмасымен Солтүстік Аралды сақтау жобасы қаржыландырылып, теңіз манындағы гидрокұрылыстарды жөндеу жұмыстары басталып кетті. Қарашалаң көлінен 2 канал және Бөген қасындағы «Сарытерен» каналынан 1 канал казу жұмысы басталды. Жоба 2024 жылы іске асырыла-тын болады. Соның нәтижесінде теңіздің тұздану жағдайы төмендеп, балықтың өнуіне септігін тигізбек.

Ал ақпанда ауаның орташа айлық темпе-ратурасы еліміздің басым бөлігінде -10-16°С, оңтүстікте -1-9°С болады деп күтілуде. Қыстың соңғы айындағы жауын-шашын мөлшері республиканың басым бөлігінде нормаға жақын. Атырау, Маңғыстау, Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Қостанай облыстарында жауын-шашын мөлшері нормадан аз болады деп күтіледі.

Жағдай бақылауда дегенмен, қамданғанның қапы қалмайтынын ұмытпаған жөн. «Қазгидро-меттің» болжамы бойынша республикамыздың оңтүстігі мен оңтүстік-шығысында 31 қаңтар мен 4 ақпан аралығында қар араласқан қатты жауын-шашын болып, температура көтерілетінін хабар-лады. Қалың қардың еруінен су жиналып, бұл өз кезегінде мұздың күрт еруі мен өзендерде су деңгейінің көтерілуіне әкеп соғуы мүмкін.

Осыған байланысты, сейсенбіде ҚР Премьер-министрі Елхан Смайыловтың төрағалығымен өткен кеңесте су тасқыны кезеңіне байланысты бойынша жедел шаралар қабылдау мәселесі қаралды. Еліміздің оңтүстік өңірлерінде азаматтық қорғау бөлімшелерінің жұмысын күшейту тапсырылды. Облыс әкімдігі де ТЖМ-мен бірлесіп, қажетті шұғыл шаралардың барлығын қабылдауда.

Ауа райының күрт жылынуынан тасқын қаупі туындап отырғандықтан, тиісті іс-шараларды же-дел үйлестіру үшін Премьер-министрдің бірінші орынбасары Роман Склярдың жетекшілігімен ар-найы Үкіметтік комиссия жұмысын бастады.

Ал Сыр өңірі аумағындағы су тасқыны қаупіті кезеңде төтенше жағдайдың алдын алу мақсатында көктемгі дайындық пысықталды. Облыстық тө-тенше жағдайлар департаментінің мәліметінше, облыс көлемінде 29 елді мекенді су басуы ықтимал. Осыған орай аймақта 60 эвакуациялық жинақтау, 78 эвакуациялық қабылдау пункті орналасқан. Өзенге жақын жерде тұратын тұрғындар арасында тұрақты үгіт-насихат жұмыстары жүргізілуде.

«Достық үйінде» облыстық ардагерлер кеңесінің алқа мәжілісі өтті. Онда өткен жылғы жоспарланған жұмыстардың орындалуы сараланып, алда атқаруға тиіс жоспар талқыланды.

Ардагерлер алқасы

Жиынға облыс әкімінің орынбасары Мархабат Жайымбетов, сондай-ақ басқарма бастылары мен облыстық ардагерлер кеңесінің алқа мүшелері, тексеру және тұрақты комиссиялардың, салалық ардагерлер кеңестерінің төрағалары, аймақтың белсенді ардагерлері мен БАҚ өкілдері қатысты.

Алқа мәжілісін облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев жүргізді. Жыл басында әр сала атқарған жұмыстары мен алда атқарар міндеттерін айқындап, көпшілік алдында есеп беретіні белгілі.

— Мемлекет басшысы ардагерлер қауымының елді ауызбірлікке шақырып, тұрақтылық пен бейбітшіліктің каншалықты маңызды екенін насихаттауда белсенділік танытқанын айрықша атап өтті. Өткен жылы Конституцияға түзетулер аясында референдум болды. Республика күні Ұлттық мерекеге айналды. Президент сайлауы өтті. Сыр бойының ардагерлері осындай жауапты кезеңде белсенділік танытты, — деді облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы.

Облыс әкімінің орынбасары М.Жайымбетов аймақ көшінін алға басуына ерен еңбек сіңірген ардагерлерді жан-жақты қолдау шаралары тұрақты түрде жалғасын табатынын айтты.

— Биылғы 2023 жыл да саяси оқиғаларға толы болмақ. Парламент Сенатының сайлауы өтті, наурыз айында Мәжіліс пен барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының кезектен тыс сайлауы болады. Осы ретте елдің ұйымдысы болып отырған данағөй ақсақалдар мен ел ағаларына артылар құқ ауыр. Біздің мақсатымыз — бар күш-жігерімізді біріктіріп қуатты, Жана Қазақстанды құру.

Қазіргі тарихи өзгерістер кезеңінде халықтың әл-ауқатын арттыруға бағытталған бастамаларды бірлесіп жүзеге асыру — елдік шаруа, баршамызға ортақ міндет, — деді облыс әкімінің орынбасары.

Алқа отырысында «ПетроКазакстанКүмкөлРесорсиз» АҚ бастауыш ардагерлер ұйымының, білім саласы ардагерлер ұйымының және Байқоңыр қалалық ардагерлер кеңесінің ардагерлер қозғалысын дамыту, мәдени-көпшілік, спорттық шараларға тарту, салауатты өмір салтын қалыптастыруда атқарған жұмыстары туралы есебі тыңдалды.

«ПетроКазакстанКүмкөлРесорсиз» АҚ жанындағы бастауыш ардагерлер ұйымының төрағасы Барлыбай Бимановтың айтуынша, бастауыш ардагерлер ұйымы 2003 жылы құрылған. Бүгінде 232 зейнеткер-ардагер осы ұйымның мүшесі. Жыл сайын І қазан — Халықаралық қарттар күні құрметіне ардагерлерге компания тарапынан 35 АЕК көлемінде ақшалай көмек беріледі. Жұмыс барысында жаракат алған 17 еңбек мүгделегі бар. Оларды компания өкімшілігі мен кәсіподақ ұйымы қамқорлыққа алған. Жыл сайын емделу үшін клиникаға, ауруханаларға, сауықтыру-емделу санаторияларына қаржы бөліп отырады.

Зейнеткерлерге жылына екі рет азық-түлік өнімдері беріледі, «Ардагер мұнайшы» төсбелгісімен марапаттау өкімшілік жағынан қолдау тауып келеді.

Облыстық білім саласы ардагерлер кеңесінің төрағасы Ғалым Бекенов атқарған жұмыстары жайын баян етті.

— Облыстық білім саласы ардагерлердің бастауыш ұйымы 2015 жылы ақпанда тіркелген. Бұл ұйымға өткен жылдан бастап жетекшілік етіп келемін. Ұйымның жана құрамы бекітілген. Ардагерлер ұйымы үшін облыстық білім басқармасының қолдауымен қаладағы М.Ықсанов атындағы колледж ішінен арнайы бір кабинет толықтай жасакталып берілді. Біздің ұйым 6 секторлық бағытта жұмыс жасайды, — деді ол.

Талқылаудан соң облыстық ардагерлер кеңесінің төраға орынбасары Өмірбек Шәменов өзі төрағалық ететін тексеру комиссиясының жұмысын қорытындылады. Ардагерлер кеңесінің алқа мүшелері К.Әжібеков, Ш.Төребаев, Д.Ысқаков, Н.Мұсабаев әртүрлі әлеуметтік мәселелер, газдан-дыру, жасы 70-тен асқан ардагерлерге қала маршруттарында 50 пайыз жеңілдік беру, қарапайым еңбек адамдарына құрмет көрсету, шағармен кездесулер өткізуді жандандыру, тазалық жұмыстары төңірегіндегі ұсыныс-пікірлерін білдірді.

К.ЕРІМБЕТОВ

МЕРЕЙ

Сыр елінің азаматы

Біздің Қазақ елінде өмір көшіп жатқан жақсы жандар көп. Ойлап қарасақ өмірдің алтын діңгегі де солар ма дейсіз. Әрине жақсылар туралы кеңінен толғап айта бергің келеді. Бірақ екінің бірі туралы ой толғап мақала жазу мүмкін емес. Өйткені бұрын-соңды араласпаған, жан-жақты білмейтін кісі жөнінде толғау шынайы болып шықпайды.

Айтпақшы, орыстың акын-жазушысы Н.Некрасовтың мынадай шумағы бар: «Ақын бол, болма — өз еркін, ал азамат болу — міндетін».

Менің досым Қамбар Әжібеков осындай — Сыр елінің төл азаматы! Қамбар жайлы не жазсақ та артық болмайтынына сенемін. Бүгінгі күні ел азаматы — біздің досымыз 75 жасқа жетіп отыр. Сондықтан осы ойымды, адал ниетімді сіздерге ұсынамын.

Екеуімздің жалындаған жастық шағымыздың көптеген сәттерінің егіз қозыдай ұқсастығы бар. 1961-1965 жылдары Қызылорда қаласындағы Ю.Гагарин атындағы мектеп-интернатында оқып, білім алғанымыз, бізден бірер көйлек бұрын тозырған пединститут, политехникум студенттерімен спорт жарыстарында намысты қолдан бермей бәсекеге түсіп, талай-талай жеңіс тұғырынан көрінгеніміз күні бүгінге дейін көз алдымда.

Ол кезде спортқа деген іңкәрлік керемет еді. Сабақтан қолымыз босаса болды, дереу спорт залына жүгіретінбіз. Алдағы жарыстарда жеңіске жетуді ойлайтынбыз. Өзіміз мектеп оқушысы бола тұрып, сол кездерде-ақ студент ағаларымызбен тайталасып, жеңіс тұғырына көтерілген кездеріміз аз емес.

Кейін тағдыр Қамбар екеуімзді студенттік кезде тағы да қайта табыстырды. Ол Алматыдағы ауыл шаруашылығы институтында, мен халық шаруашылығы институтында оқыдым. Сөйтіп, өмір көші алға жылжы берді. Диплом алып, әрқайсысымыз тағдыр салған сұрлеумен жана өмірге бет түзеді. Қай кезде де абыройсыз болған жоқпыз, әр қаламызда сәтті болып жатты.

Қамбар досым Жанакорған ауданында қатардағы экономистен облыстық қаржы департаментінің бастығы, сосын облыс әкімінің экономика жөніндегі орынбасары қызметіне дейінгі жолдан сүрінбей, абыроймен өтті. Мен Қаржы министрлігінде қатардағы бақылаушы-тексерушіден Мемлекеттік қаржы-бақылау комитетінің төрағасы, сосын министр қызметіне көтерілдім. Кейіннен Қамбар Қызылорда облыстық мәслихатының депутаты болса, мен Парла-



мент Мәжілісінің депутаты болдым. Тағдыр бізден жақсылығын аяған жоқ. Ол бізге мейіріммен қарады. Және екеуімзді үнемі іс барысында табыстырып отырды. Бүгінгі күнге дейін жұп жазбай, тату дос болып келе жатқанмыздың бір сыры осында жатқан секілді көрінеді маған.

Қанша жолдастардың ішінде екеуімз жеке дара шығып, қаржы саласын сүйіп, таңдап қызмет жасап, соның биік сатысына дейін көтерілдік. Қамбардың адал еңбегі еленіп, оған «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағы берілді.

Республикаға белгілі қаржыгер, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген экономисі, «Құрмет белгісі» орденінің иегері, облыстың қаржы саласын 27 жыл басқарған Камал Шөкенов қаржы саласының 85 жылдығына арналған естелігінде «жұмыстың түйіні кадр жасақтауымен шешілетінін басты мақсатқа қойып, облыс, қала, аудан қаржы бөлімдерінің мамандарын талдап, кімнің қалай қызметте өзін көрсеткені сарапталып, есепке алып облыстық аппаратқа тартылғандардың ішінде өз ісіне мықты» деп Қамбар Әжібековті атайды. Тәжірибелі бастығын маман таңдаудағы талғамы мүлт кетпеді, ол облыстық аппаратқа халық шаруашылығын қаржыландыру бөлімінің бастығы, бері келе басқарма бастығының орынбасары — бюджет бөлімінің бастығы, бірінші орынбасары болып қызметін абыроймен атқарды. Ұжымда сабырлы мінезімен, біліктілігімен, адамгершілігімен бәрінде де көрген аға болып, жол бастап отырды.

1988 жылы облыстың қаржы басқармасы іргесінен Қамбар бірінші болып басқа салаға басты қызметке ауысқан маман болды. Ол облыстағы бір банкінің тізгінін ұстады. Және бұл қызметте де абыройсыз болған жоқ. Биік лауазымдарға қанша көтерілсе де, өзін өзгеден жоғары ұстамайтын азаматтық ісі кейінгілерге үлгі-өнеге болды.

Талай жылдан бері бірге қызметтес, аралас-құралас болып келе жатқан досың жайлы тебірене толғау енді байқасам, ең қиын шаруа ма деймін. Өйткені, кеудеде көл-көсір сыр бүркеніп жатыр, ал соны сыртқа шығарарда қинала бастайсың. Ол, әрине, айтқын келмегендіктен емес, қалай және қайтіп жеткізем деп қиналуан. Мен Қамбар досымды әркез мінезіне білігі, білім таланты сай жігіт ретінде қабылдаймын. Себебі, ол өз ісіне соншалық ыждағатты, соншалық жауапты.

Бір досың туралы ойласаң, басқа да жігіттер еске түседі. Біз Қызылордадағы мектеп-интернатта оқыған кез осы күні сағыныш болып елестейді. Сол кездегі дос жігіттердің алды жетпістен асып, соны осы асуға иек артты. Кейбірі бұл дүниеден қалпыда өтіп те кетіпті. Ю.Гагарин атындағы мектеп-интернат түлектері өндірістің, ғылымның, әдебиеттің, білімнің және мемлекеттік басқарудың түрлі салаларында еңбек жасалы. Біздің мектептің алғашқы үш жылының «гагариндіктер» түлектерінің есімдері: Иранбек Оразбаев (Иран-Ғайып) — Қазақстан мемлекеттік сыйлығының лауреаты, акын, драматург, Сейсен Мұқтарұлы — акын, жазушы, Ибрагим Исаев — акын, Қуанышбек Сәдібекұлы — облыстық кәсіподақ кеңесінің төрағасы, Арыстанбек Қонысұлы — Қызылорданың Қорқыт ата атындағы мемлекеттік университетінің профессоры, Серік Кенжебаев — техникум директоры, ғылым кандидаты, Дәуітбек Жұматов — ғылым кандидаты, Қазак ауыл шаруашылығы институты кафедрасының доценті. Әрине олардың ішінде: полковниктер Нұрахмет Ералиев, Тастемір Рахимов, Ахмет Жұпарбеков, құрылысшы Алшынбай Тұртанов, кәсіпорын басшылары Байтұрсын Құрманов, күріш өсірушілер Ертарғын Әжікенов, Өтеп Өтегенов, құрылысшылар Алмат Ақмамбетов, Сандыбек Сейткасымов, Қуаныш Үйсінбаев, тепловоз машинисі Жалмағамбет Меңлібекұлы, күзет агенттігінің директоры Мұхамбетхан Кішкенбаев, мектеп директорлары Данеш Нысанбекова, Әсемгүл Мұратбеков, Тәттігүл Әбдіхалықова, бас дәрігерлер Қожан Сүйіндіков, Мира Құдиярова, Мария Нұрмағамбетова, Қазақ-

стан Республикасының еңбек сіңірген артисі Бақытбек Алпысбаев және т.б.

Міне, солардың арасынан қаржы жүйесінде ерекше суырылып шыққан бір досым болса, ол осы — Қамбар.

Оның бойында көптеген адами қасиеттері бар.

Ол ең алдымен — үлгілі отбасы иесі. Жұбайы Гүлбарам екеуі тату-тәтті өмір кешіп келеді. Екі ұл, екі қыз тәрбиелеп өсірді. Бірнеше немере сүйіп отыр. Ұл-қыздары тәрбиелі, қай қызметте де абыройлы екенін көріп жүрміз.

Оның тағы бір елеп айтар қасиеті — өз ісінің жетік маманы. Саланы толық меңгерген, шын мәніндегі үздік те озық қаржыгер. Бұл екінің біріннің қолынан келе бермейді.

Ол — сондай-ақ ағайын-туысқа, дос-жаранға адал, бауырмал, таза ниетті азамат. Аралас-құралас кісілердің бәрін өзіне жақын санайды, достасып алады. Оның бұл тірлікте жауы жоқ па деп те ойлайсың. Өйткені, Қамбар туралы сөз болса, кім-кімде тек мақтау сөз айтады. Бұл — қасиет! Ерекше елеп айтуға тұратын қасиет. Екінің біріннің қолынан келе бермес қасиет!

Тағы бір айтпасақ болмайтын жайт бар! Мен Қамбардың отбасында қонақ үзілген кезін көрмеппін. Қамбардың отбасымен бізде әрдайым кездесіп, араласып тұрамыз, бір-біріміздің қуаныштарымыздың қуагері болып, бірге қуанамыз. Зайыбы Гүлбарам осы ашық, ағайынға да, туысқа да, дос-жаранға да, сүйікті ана деп айтсақ, еш артықтық емес. Осының бәрі де, меніңше, Қамбар мен Гүлбарамның бір-біріне деген сүйіспеншілігі мен сыйластығы, түсіністігі мен құрметінің негізінде туындап жатқан жақсы нышандар деп ұамын.

Қазақ халқының ұлы перзенті Абайдың отыз бірінші қара сөзінде айтылған: «Естіген нәрсені ұмыптастыққа төрт түрлі себеп бар: әуелі — көкірегі байлаулы берік болмақ керек; екінші — сол нәрсені естігенде і көргенде ғибратлану керек, көңілденіп, тұшынып, ынтамен ұғу керек; үшінші — сол нәрсені ішінен бірнеше уақыт қайтарып ойланып, көңілге бекіту керек; төртінші — ой кеселі нәрселерден қашық болу керек. Егер кез болып қалса, салынбау керек. Ой кеселдері: уайымсыз салғырттық, ойыншы-құлкілділік, я бір қайғыға салыну, я бір нәрсеге құмарлық пайда болу секілді. Бұл төрт нәрсе — құлді ақыл мен ғылымды тозыратұғын нәрселер». Осының бәрін досым Қамбар бойына сіңіріп, өмір бойы ұстанып жүретін азамат.

Сейітсұлтан ӘЙІМБЕТОВ,
мемлекет және қоғам қайраткері

Медияция мақсаты — бітімгершілік

Медияция — татуластыру негізі. Қазір сот істеріндегі медияцияның маңызы өте зор, себебі дауды бейбіт реттеуге ықпал ету — сот ісін жүргізудегі тәсілдердің бірі. Азаматтар арасындағы даулы және шиеленісті жағдайларды медияция арқылы шешу мәдениетін қалыптастыру арқылы қоғамдағы қарым-қатынастардың тұрақтылығы сақталып, құқықтық сана артады.

Елімізде «Медияция туралы» заң 2011 жылы 5 тамызда қабылданды. Бұл заң азаматтарға мәселені шешу жолын таңдау еркіндігін, адам құқықтарын қорғаудың жана мүмкіндігін қолдану, азаматтық қатынастың заманауи формасын қалыптастыру, мәселелерді конструктивті диалог арқылы шешу сияқты зайырлы қоғамға тән мүмкіндіктер берді. Қаржы үнемдеуді былай қойғанда, медиатордың көмегімен мәселені бірнеше сағатта шешуге болады. Бұл — уақытты үнемдеудің де тәсілі. Себебі мәселені сотқа жеткізбей шеше алу — адам құндылықтары мен қозғарасын жана денгейге көтерілгенінің айқын көрінісі, азаматтық қоғам қалыптастырудың, дамуының белгісі.

Қазірдің өзінде жана жүйенің қолдану аясы жыл озған сайын кеңейіп келеді. Елімізде медиаторлар көмегі әлеуметтік салаларда, әсіресе, отбасы мәселелерінде, тіпті, қылмыстық құқықтың кейбір салаларында кеңінен қолданыла бастады.

Жалпы, медиаторларды «Бітімгер» деуге әбден болады. Ел сыйлайтын, белделі, сөзге шешен ақсақалдар араласып, араздасқан екі жақты мәмілеге келтіріп, ауызша келісім мен айыбы болса төлетіп, бейбіт жағдайда мәселені шешеді. Тарихқа көз жүгіртетін болсақ, атақты Төле, Қазыбек, Өйтеке билер бүгінгі күннің кәсіпқой медиаторлары іспеттес. Өзара дауласып, жанжалдасып қалған руларды, ауылдарды, әулеттерді бір-бірімен татуластырып, әділ шешімін шығаратын болған.

Дана халқымыз «Ел ішінде дау көбейсе, ел сыртында жау көбейеді» деп ұрпағын ынтымаққа, бірлікке шақырса, «Кешірімді бол» деп, ортақ мәмілеге келуге, бірлікке, бітімгершілікке үндейді. Бұл да медияция принциптері дала демократиясында кеңінен қолданылғанын айғақтаса керек.

Әсел ҚАРБОЗОВА,
Қызылорда қалалық сотының судьясы

2023 жылдың I жартыжылдығына Қызылорда облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті басшылығының жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдау кестесі

Тегі, аты, әкесінің аты	Лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Қабылдау жүргізу орны	Байланыс телефоны
АМАНОВ Ғани Мырзағабұлұлы	Қызылорда облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің басшысы	Әр аптаның бейсенбі күні 15:00-ден 18:00-ге дейін	Қызылорда қаласы, Н.Назарбаев даңғылы, 23 Қабылдау орталығы	+7 (7242) 40-01-05 (4005)
БЕКІШЕВ Әділбек Ергалиұлы	Қызылорда облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті басшысының орынбасары	Әр аптаның сейсенбі күні 15:00-ден 18:00-ге дейін		+7 (7242) 40-01-05 (4004)
БЕКШИН Қуанышбек Махметұлы	Қызылорда облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті басшысының орынбасары	Әр аптаның сәрсенбі күні 15:00-ден 18:00-ге дейін		

* Қабылдауға жазылу +7 (7242) 40-01-05 (4005), +7 (7242) 40-01-05 (4004) телефондары және dgd.kyzylorda@kgd.gov.kz электронды поштасына жүгіну арқылы жүргізіледі.

«Қызылорда облысының мәдениет және спорт басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі басшылығының азаматтарды және заңды тұлға өкілдерін, оның ішінде осы органдардың қызметкерлерін жеке қабылдау кестесі

Р/с	Аты-жөні	Лауазымы	Қабылдау уақыты	Қабылдау уақыты	Орналасқан жері	Байланыс телефоны
1.	Казбекова Мира Жомартқызы	Басшы	Әр аптаның сейсенбі күні	16.00-ден 18.00-ге дейін	Облыс әкімдігінің ғимараты Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, құрылыс I	8(7242) 60-53-03
2.	Жанұзақов Қуаныш Қуатқанұлы	Орынбасар	Әр аптаның бейсенбі күні	16.00-ден 18.00-ге дейін		
3.	Жаманқұл Асылжан Зұлфқарұлы	Орынбасар	Әр аптаның жұма күні	16.00-ден 18.00-ге дейін		
4.	Нұртазаұлы Ерлілдә	Орынбасар	Әр аптаның сәрсенбі күні	16.00-ден 18.00-ге дейін		

Мемлекеттік қызметшілердің «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы», «Сыйбалас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы заңдары мен Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексінің талаптарының бұзылуына жол бермеуі мақсатында «Қызылорда облысының мәдениет және спорт басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 8(7242)60-53-03 сенім телефоны жұмыс істейді.

Жәрмеңкеге шақырамыз!

4 ақпан күні Тасбөгет кенті (Орталық алаңда) «Байқоңыр» ӘКК» АҚ ұйымдастыруымен өңірлік тұрақтандыру қорынан алынған әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының жәрмеңкесі өтеді.

Жәрмеңкеге 10 тоннадан астам әлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімдері оның ішінде, картоп, сәбіз, піяз, ұн, құнбағыс майы, қант, ет пен балық өнімдері ұсынылып, нарық бағасынан төмен бағада сатылады.
Картоп — 125 тенге
Сәбіз — 130 тенге
Піяз — 90 тенге
Ұн — 180 тенге
Қант — 425 тенге
Құнбағыс майы — 665 тенге
Қарақұмық жармасы — 514 тенге
Жәрмеңкенің басталуы 10:00-ден 13:00-ге дейін.

Хабарландыру

Қызылорда облыстық мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2023 жылдың 26 қаңтардағы ұйғарымымен «Нұршах-холдинг» ЖШС-на (БСН 051140007279) қатысты оналту рөсімін қолдану бойынша азаматтық іс қозғалғанын хабарлайды.

ҚР «Оналту және банкроттық туралы» Заңының 72-бабына сәйкес хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай ішінде кредиторлар талаптары мына мекен-жайда қабылданады: **Қызылорда қаласы, К.Байсейітова көшесі 104/3 үй, байланыс тел.: 87059603400.**

Сағынышпен еске аламыз



Зымыраған уақыт-ай десенші... Жаңакорған ауданының құрметті азаматы, әулетіміздің ақылшысы, асыл жар, ардақты ата, Қаратаудың Қараманы атанған асқар тау әкеміз Қараман Көшербайұлының арамыздан фоните аттанғанына айға жуық уақыт өтті.

Қараман Көшербайұлы 1938 жылы 16 желтоқсанда Жаңакорған ауданы Құттықожа елді мекенінде дүниеге келген. Балалық шағы Ұлы Отан соғысы жылдарымен тұспа-тұс келіп еңбекке ерте араласты. 1954 жылы Жайыл-ма жетіжаздық мектебін бітіріп, комсомолдық жолдамамен Ленин қолхозына шоппан болып 20 жылдай қой шаруашылығының қыр-сырын меңгерді. 1972 жылдан бастап жылқы шаруашылығына ауысып, құрметті зейнет демалысына шыққанша осы саланы абыроймен игеріп, Сыр еліне танымал жылқышы атанды.

Әкеміз облысымыздың 1986, 1988, 1989, 1991 жылдарғы жылқы тұлғиін өсіруден және көбейтуден облысымыздың төрт дүркін чемпионы атанды. Ұзақ уақыт мал шаруашылығындағы жемісті еңбегі үшін, «Лениннің туғанына 100 жыл», «Таңға 50 жыл», «Қызылорда облысына 70 жыл», бүкілодақтық халық шаруашылық көрмесінің алтын, күміс медальдарымен, «Коммунистік еңбек екіпіндісі» төсбелгісімен, Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының «Құрмет грамотасымен» марапатталды.

Ардақты жанның жарқын бейнесі, айтқан ақылдары, ағайынға жасаған қамқорлықы, елге көрсеткен көмегі ұмытылмақ емес. Шүкіршілік етіп ұл-қыздары, немере-шөберелері болып осындай кен пейілді, дархан жүректі, асқар тау әкеміздің берекелі істерін әрі қарай жалғастыру біздің парызымыз. Жаратқан ием әкеміздің мәңгілік жайын жәннаттан етсін!

Әкеміз Қараман Көшербайұлының қонақасысы 10 ақпан күні сағат 17.00-де, қыркыс 11 ақпанда сағат 12.00-де Жаңакорған ауданы, Құттықожа елді мекені, М.Оналбаев көшесі №8 үйде беріледі.

Еске алушылар: **Көшербаевтар әулеті**



— 1907 жылғы санаққа қарасак, Россияда сол жылы екі мың бір жүз жетпіс үш есімді газет һәм журнал шыққан екен. Оның бір мың үш жүз тоқсан алтысы орыс тілінде, сегіз жүз алпыс жетісі басқа тілде басылды. Сол сегіз жүз алпыс жетінін ішінде біздің татар қарындастарымыздың отыз шамалы газет-журналы болды. Бізде біреуі болмады, — деп жазды.

Басылым және «Азамат» серіктестігі

Ұлт ұстазының біз әлі күнге дейін айтып келе жатқан «Газет — халықтың көзі, құлағы һәм тілі» деген сөзі сол алғашқы нөмірде жарияланды. Газеттің рәміздік бейнесіне түндігі батыстан ашылған киіз үй белгіленіп, есігіне «Қазақ» деп жазылды. Оның себебін «қазақ ішіне Еуропа ғылым-өнері таралсын, «Қазақ» газеті қазақ жұртына әрі мәдениет есігі, әрі сырт жұрт жағынан күзетшісі болсын» деп, «Аталы жұртымыздың, ауданды ұлтымыздың арауықты аты деп, газетіміздің есімін «Қазақ» қойдык» деп түсіндірді.

«Қазақтың тарихы», «Дін таласы», «Жер іздеген қазақтар», «Қазақтан солдат ала ма?», «Земство не нәрсе?», «Ұры тию» деген тақырыптар талқыға түсіп, халық саны туралы мәлімет берілді. Біздің қазақ орыс патшасының қол астында тоғыз болыс, бір губернияда» дей келіп, қазақтың саны 4 миллион 499 мың 664 адам екенін көрсеткен.

Сол жылы «Қазақ» газетінің үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін «Азамат» серіктестігін құру туралы бастама көтеріліп, Қыр баласы «Қазақтың кесек сома шығарлық байлары аз болғанмен аз сомасымен, адамгершілігімен серіктікке жарайтын азаматтары аз емес. Сондықтан «Азамат» серіктігін ашып, «Қазақ» газетасын мұнан былай Алаш азаматтарының серіктесіп қосылған пұлымен жүргізбекшіміз» деп жазды. Ахмет Байтұрсынұлы мен Міржақып Дулатұлы серіктестікке кіретін адамдар жалғыз ақшасымен емес, көңілімен, ниетімен де серіктес болу қажет екенін түсіндірді. Түпкі мақсат — әр адамнан 100 сомнан мүшелік жарна жинап, газеттің үзіліссіз шығып тұруына жәрдемдесу.

Басылымда Шөкәрім Құдайбердіұлының «Қазақ құтты болсын!» деген өлеңі, жанаптықтар, белгілі тұлғалар туралы, мәселен, Қажымұқан Мұнайпасұлы жайлы «Палуан қазақ», «Шоқан Шыңғысұлы Уәлихан», «Абай» атты макалалар жарияланды.

1915 жылдың басынан «Қазақ» газеті аптасына екі рет шыға бастады. Орынбор губернаторы рұқсат бергенмен, бақылауды күшейтіп, Торғай облыстық баскармасының татар тілі аудармашысы Тунғанчин бақылаушы болды. Алайда аптасына екі мәрте шығарудың шығыны, баспахана жоқтығы қол байлады. «Ауқатты Алаш азаматтарына» атты редакция алқасының мақаласында жағдай бүкілсіз баяндалды.

Газет басылып келген Хусайнов баспаханасының сатылатын туралы жарнамадан соң «Азамат» серіктестігі арқылы «Қазақтың» жеке баспаханасын сатып алу жайлы үндеуге қазақ даласының әр түкпіріндегі ауқатты адамдар қаржылай көмектесті. Біршама уақыттан соң Міржақып



ты мақала үшін 50 сом айып немесе 2 ай түрмеге кесу туралы үкім шығарылған.

Жалпы шығып тұрған жылдары «Қазақ» газеті 26 рет жабылып, Ахмет Байтұрсынұлының өзі бірнеше рет тұтқындалған.

Патша жарлығы шыққан жыл

1916 жылы майданның кара жұмысына қазақтарды алу туралы патша жарлығы шыққаны белгілі. Ел ішінде бұл жарлыққа қарсы бас көтерулердің соңы көтеріліске ұласып жатты. Газетте казак-

шаға арын сатқан мырзалар да болыпты. Жұртқа жол тауып беріп, «енбегіне» пұл алды деген батырлардың аты-жөні бізге мағлұм, керек уақытында «Қазақ» бетіне жазылар» дейді Әлихан мен Мұстафа мақалада.

Үміт ұшқыны

1917 жылғы Ақпан төңкерісінен Алаш зиялылары зор үміт күткені белгілі. Бұл үміт ұшқыны «Қазақ» газетінің бетінде 1917 жылғы алғашқы сандарда жарияланған «Алаш ұлына» атты үндеуде анық көрініді.

Сол жылы басылым Орынборда ашылған Қазақ съезінен, Омбыда болған Ақмола қазақтарының съезінен хабар берді. Алаш партиясы туралы «Съез қаулысы (21-26 шілдеде өткен Бірінші Жалпықазақ съезі) халыққа мағлұм. Партия ұраны десек, бабамыздың «Алаш» ұранынан артық ұранды іздесек те таба алмаймыз. Сүйтіп қазақ саяси партиясының атын «Алаш» қою әуре болмастан ауызға түсіп тұр» деп жазды «Қазақ» газеті.

Басылымға екінші Жалпықазақ съезі туралы, Алаш автономиясы жария етілгені туралы мақала шықты. Ал 1918 жылдың қаңтар айының 17-нен бастап «Қазақ» газеті алты ай бойы шығарылмай қалды. Қайта басылып тарала бастағанымен, ақыры жабылып қалды.

Жарты жылдық үзілістен соңғы Мадиярдың (Міржақып Дулатұлы) мақаласында: «Көрмегілі көп айдың жүзі болды. Алты жылдан бері алты Алаштың аралаған «Қазақ» тоқтап, арамыздағы қатынас үзілгеніне жарты жылдан асты. Сонан бері зор өзгерістер болды, халқымыздың басынан қайғылы күндер өтті. Енді біраз бұлт серпілгендей болып, жұрт есін жиып, ойдағы қырғадғылардың бастары қосылып, әркім дағдылы қызметіне кірісе бастады. Сібірде большевик жоғалысымен Алаш Орда іске кірісті. Алаш Орданың көркеюі, Алаш автономиясының тез жарыққа шығуы алдымен екі нәрсеге байлаулы: Милиция һәм қазына. Соның үшін Алаш Орданың алдымен қолға алған қызметі милиция һәм ұлт қазынасы болды. Бұл екі жұмыс әр жерде әртүрлі орындалып жатыр. Милиция һәм ақша жиналып біткен елдер де бар. Біздің жұрт қатарына қосылып қалатын күніміз осы. Алаш билігі Алашта болса дейтіндер мұндай заманның екі айналып келмейтініне анық көздері жететіні рас болса, малды-жанды автономия жолына салу керек» деп жазылыпты.

Осылайша 1918 жылдың 16 қыркүйегінде «Қазақ» газетінің ең соңғы саны шықты. Осы соңғы нөмірлердегі жарияланымдардың ең бойында ертеңге деген сенім бар екені байқалады. Бірақ билікті қолға алған большевиктер «Қазақ» газетін жапты, оны шығарушылардың түгелге жуығының тағдыры қандай болғаны бәрімізге мәлім.

«Қазақ» газеті — сол дәуірдің көкейкесті мәселелеріне алаңдап, оны шешу жолдарын ұсыну, ағартушылық идеяларды насихаттау үшін Алаш қайраткерлері тандаған жол еді. Басылым сындарлы кезеңде жарыққа шығып, «халықтың көзі, құлағы һәм тілі» болып, оқырман алдындағы өз миссиясын орындады.

*Суреттер ашық дерексөзден алынды

Жамбыл атындағы №120 орта мектепте «Әдістемелік вернисаж – 2023» апталығы өтті. Оған түрлі тақырыптар бойынша сала мамандары қатысты.

Гүлбану МАҚАЖАН, «Сыр бойы»



Мұғалімдер тәжірибе алмасты

Бағдарламаға сәйкес «Sыг sandyq» жобасы негізінде «Ой — сізден, сыйлық — бізден» тақырыбында қоян мен робот кейіпкерлер «Хабаршы» бөлігінде ашық хат таратты. Оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалануды үйірме жұмыстарын ақпараттандыру мақсатында «120 жәрменке» ұйымдастырылды.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы негізінде аймақтық мектеп мұғалімдері, кітапханашылары мен қалалық білім бөлімінің әдіскерлері Нұржан Қуанышбай мен Ғалия Ибрагимованың қатысуымен қазақ тілі мен әдебиеті пәні бірлестігінің талғамы биік қаламгер Ғ.Мүсірепов шығармасындағы ана тақырыбы TEDx форматында кеңінен талқыланды.

Директордың бейінді ісі жөніндегі орынбасары Эльмира Алтыбаева «Таңдау. Талғам. Мамандық» тақырыбында кездесу өткізді. Оған 10-11 сынып оқушылары мен Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің оқытушылары Оразхан Айдаров, Бекзат Нұрмағанбетова, магистр Шолпан Капанова мен Рауа Айтманбетова, Сәндігүл Дәрібаева қатысты. Ғалымдар болашақ мамандық тандаудың маңыздылығына тоқталды. Кітапханашы Гүлнар Баймағанбетова және тәлімгер Ботагөз Жұмабекованың «Book Time-2023» танымдық сайысына мектеп педагогтерінен құралған 6 команда қатысып, ұжым болып кітап оқып, өз жобаларын ұсынды.

Мұнан соң «Инклюзия-мүмкіндік» тақырыбында педагогикалық-психологиялық қолдау қызметінің жұмысына қалалық білім бөлімінің әдіскері Акерке Мұратбаева, №1 ППМК басшысы Сәлима Шаймерденова, аймақтағы мектептерден педагог-психологтар қатысып, дефектолог Салтанат Жұматайдың ерекше білімді қажет ететін оқушымен жұмысын көрді. Химия пәнінің мұғалімі Сәуле Сейтимова «Периодтық жүйдегі орны бойынша элементтің сипаттамасы» атты ZOOM платформасымен вебинар сабақ өтті. Ал информатика пәнінің мұғалімі Айзада Белдебекова «Тармақталу алгоритмдерді программалау» сабағында ерекше білім беруді қажет ететін оқушыға қолданылатын әдіс-тәсілдерін бөлісті. Педагог-психолог Гүлбану Төреханова және әлеуметтік педагог Гаухар Жұмахметова өткізген «1+1=5» тимбилдингте сала мамандары командалық жұмыстың маңыздылығын түсінді.


Аптаалықтың тағы бір күнінде «Тарих. Тағылым. Тәуелсіздік» тақырыбындағы іс-шаралар М.Мәметова атындағы жоғары педагогикалық колледж оқытушысы, мәншүктанушы Бақытжан Ахунов өріптестеріне тарих пәні бірлестігінің «Мәңгілік ел алыптары» сағатында екі мәрте Кеңес Одағының батыры Т.Бигелдинов пен Кеңес одағының батыры М.Мәметова туралы қызықты деректерді бөлісті. Мұнан соң «Көлеңкелі театр» үйірмесінің қойылымын тамашалады.

Аталған білім ордасында алғашқы әскери дайындық кабинетінің материалдық базасы мол. Пән мұғалімі Арман Қалыбеков — педагог-сарапшы, шені — запастағы лейтенант. Ол өріптестеріне кабинеттегі оқушыға әскери білім беруге қажетті құралдар, қаруларды көрсетті. «Қазақстан қарулы күштері» туралы айтып, еліміздегі әскери роботехника мен әскери округ түрлері, әскери тәртіп, әскери борыш туралы мол мағлұмат берді. «Айбын» әскери-патриоттық бағыттағы үйірме жұмысымен таныстырды.

«Тәжірибе алаңы» күнінде мектеп директоры, бастауыш сынып мұғалімі Ануза Шамшатовна әдебиеттік оқу пәнінен «Адамның табиғатқа бейімделуі» атты ашық сабақ өтті. Тәжірибелі педагог түрлі платформаларды пайдаланып, шығармашылық, практикалық, логикалық, зерттеушілік, креативтік қатынасты дамытатын тапсырмалар арқылы оқушыларға мазмұнды дәріс берді. Ал директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Шынболат Байназаровтың «Әке — күш, сенім, абырой, тәртіп» тренингіне білім ордасының әкелері, аталары қатысты. Оған еке мен бала арасындағы сенімді қарым-қатынас орнатудағы әкенің рөлі, тәрбиесі тақырыбы арқау болды.

Аптаалық «Біз біргеміз!» атты командалық сайыспен қорытындыланды.

РУХ ШЫРАҚШЫСЫ



Дулатұлы 30 мың сомға баспахана алынғанынан хабарлар етті. «Баспахананың екі машинасы бар, орысша хәріптері мол, саймандары түгел қарулы» деп жазды. Кейінірек «Қазақ» баспаханасы әртүрлі «заказдарды қабыл ететіндігі» туралы, баспаханаға көмек бергендер туралы да ақпарат шығып тұрды.

Бірте-бірте қазақтың сол тұстағы жағдайы туралы да тақырыптар қозғалып, «Дума манайында неге кісіміз жоқ?» деген мақалада «Ресейдегі Думада қазақ болмағасын, ондай жоғары мемлекеттік билікте қазақтың мүддесі де айтылмайды» деп жазылды. Газеттің 62-санынан бастап басылымның уақытша редакторы Міржақып Дулатұлы болатыны хабарланған.

Айыппұл немесе абақты

Газеттің 80-санындағы «Закон жобасының баяндамасы» атты мақаланы Орынбор генерал губернаторы «қазақ халқын үкіметке қарсы үндеп отыр» деп тауып, Ахмет Байтұрсынұлына 1500 рубль көлемінде айыппұл салу немесе үш айға абақтыға жабу туралы бұйрық шығарған. Мақаланың түпнұсқасы мен орысша аудармадағы қателіктерді нақтылап көрсеткенмен, қаулы өзгеріссіз қалады.

Айыппұл төлемес үшін Ахмет Байтұрсынұлы абақтыға отыруға келісім берді. Алайша да денсаулығы нашар болғандықтан мың жарым сом айыппұл төленіп, абақтыдан шығарылды. Бұл туралы «Газетімізге штраф» атты мақалада: «Бас мақала үшін Оренбург губерниясының бас начальнигі шығарушыға мың жарым сом штраф салды, төлемес үш ай абақты. Шығарушы Ахмет Байтұрсынұлы жана шыққан газетке мың жарым сом төлеу аузыр болатындығын ойлап, 3 ай отыруға риза болғаннан кейін, 20 октябрьде кешкі сағат 10-да полиция абақтыға отырғызған еді. Былтырдан бері денсаулығы нашар болғандықтан абақтының ауасына 3 ай отыруға шыдамайтындығы білініп, 22 октябрьде мың жарым сомды төлеп, абақтыдан шықты» делінген. Ахмет Байтұрсынұлы Орынбор губернаторының шешіміне риза болмай, Ішкі істер министрлігіне, Сенатқа «біздің ниетіміз халықты құрту емес, сынау» деп арызданады. Ақыры Сенат Орынбор губернаторының үкімін бұзуға мәжбүр болды.

1914 жылғы 78-санында басылған «Алашқа» және 79-санында басылған «Россиядағы ұйымшылдық» деген мақаласы үшін де газетті шығарушылар жауапқа тартылды. 91-санындағы «Бұ қалай?» ат-

тан солдат алу мәселесі ең жиі көтерілетін тақырыпқа айналды. «Алаштың азаматына» атты мақалада Әлихан, Ахмет, Міржақып: «Ел басышы адамды әділдікпен сипаттап өздегі түзеп беруі керек. Мынауы жаксы, мынау жаман, мынау бай, мынау келдей деп бөлмей, сатымай, дурыстықпен іс қылу керек. Бұл іске қулық-сұмдық кіргізу, алаулықты-партиялықты қосу зияннан басқа түк пайда әпермейді. Ерікті өздеріне бергенде дурыстап іс қыла алмасандар, үкіметке сонынан өкпелеуге болмайды» деп жазды.

«Ахмет, Әлихан мен Міржақып қазақ соғысқа кісі бермесін деп хат жазған» деген жала сөздің ізімен келгендер «Қазақ» газетінің баскармасы мен Міржақып Дулатұлының потерін тітіп, қаттар, телеграммаларды төркілейді. Осы кезде үш қайраткердің қаламынан туған мақалалар негізсіз әңгімеге дәлел болды.

«Қазақ» газетінде соғысқа кеткен қазақтар туралы «Жұмысшылар жайынан» атты айдармен «Жігіттердің амандық хабарлары», «Тыл жұмысындағы қазақтар» деген мақалалар жарияланып тұрды. Соның бірінде «соғысқа 15 жасар бала, бір үйдің жалқы, 3-4 ағайынды жігіттер тегіс алынып кеткені, елдегі байлар, мырзалар туралықтан тайып, малының арасында отбасында қалғаны» ашына жазылған. «Ақ-